

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Украина Министрлер Кабинетінің арасындағы Қазақстан мұнайының Украинаға жеткізілімі және оның Украина аумағы бойынша транзиті жөніндегі ынтымақтастық туралы келісімді бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 28 қыркүйектегі N 962 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған 2004 жылғы 1 маусымда Астана қаласында жасалған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Украина Министрлер Кабинетінің арасындағы Қазақстан мұнайының Украинаға жеткізілімі және оның Украина аумағы бойынша транзиті жөніндегі ынтымақтастық туралы келісім бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

**Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Украина Министрлер Кабинетінің арасындағы Қазақстан мұнайының Украинаға жеткізілімі және оның Украина аумағы бойынша транзиті жөніндегі ынтымақтастық туралы
КЕЛІСІМ**

(2007 жылғы 9 қарашада күшіне енді - СИМ-нің ресми сайты)

Бұдан әрі Тараптар, ал жеке-дара - тиісінше Қазақстандық тарап және Украиналық тарап деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Украинаның Министрлер Кабинеті

1996 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Украина Үкіметінің арасындағы мұнай-газ салаларындағы ынтымақтастық принциптері туралы келісімді басшылыққа ала отырып;

Тараптардың мұнай тасымалдау кешендері екі мемлекеттің экономикасын дамытудың елеулі факторы болып табылатынын мойындай отырып;
транзит пен тұтынушыларға жеткізуді қоса алғанда Тараптардың мұнай тасымалдау саласындағы өзара тиімді ынтымақтастықты одан әрі дамытудағы және тереңдетудегі мүдделілігін назарға ала отырып,
мына төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Осы Келісім қазақстандық мұнайды Украинаның аумағы бойынша жеткізу және транзитінің тәртібін, шарттарын, жалпы принциптерін айқындайды.

2-бап

Тараптар өзара тиімділік, өзара көмек көрсету және бір-біріне экономикалық шығын келтіретін іс-әрекеттерге жол бермеу негізінде мұнай тасымалдау саласындағы ынтымақтастықты жан-жақты дамытады.

Тараптар мұнай тасымалдау жүйелерінің қолда бар қуаттарының шегінде мұнайды өз мемлекеттерінің аумағы бойынша қауіпсіз, тиімді, бөгетсіз, сондай-ақ тұрақты тасымалдауды жүзеге асыру үшін жағдай жасайды.

Украиналық тарап жұмыс істеп тұрған мұнай тасымалдау жүйесінің қолда бар қуаттарының шегінде қазақстандық мұнайды бөгетсіз жеткізу мен транзитін қамтамасыз етеді.

Тараптар мұнайды тасымалдау шарттарын нашарлатуға және осы Келісімнің шеңберінде оны тоқтатуға әкелетін шешімдерді біржақты тәртіппен қабылдамауға міндеттенеді.

3-бап

Тараптар Тараптардың кез келген мұнай тасымалдау жүйелерін пайдалана отырып тасымалданатын мұнайға меншік құқығы Тараптардың уәкілетті ұйымдары арасындағы шарттарға сәйкес тиісті жүк жөнелтушілерде сақталатынын мойындайды.

4-бап

Бақылау және үйлестіру мақсаттарында Тараптардың уәкілетті органдары болып: Қазақстандық тараптан - Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрілігі;

Украиналық тараптан - Украинаның Отын және энергетика министрілігі белгіленеді.

5-бап

Шарттық кезеңде қазақстандық мұнайдың жеткізілуі мен транзитінің көлемдерін анықтау кезінде Тараптар қолда бар қуаттар мен ықтимал көлемдерді ескереді.

Украиналық тарап шарттық кезеңде Украинаның аумағы бойынша қазақстандық мұнайдың кепілді жеткізілуі мен транзиті үшін Қазақстандық тарапқа қолда бар қуаттар - "Укртранснафт" ашық акционерлік қоғамының жұмыс істеп тұрған мұнай құбыры жүйесінің мүмкіндіктері туралы ақпаратты береді.

Украиналық тарап мұнай тасымалдау бойынша мынадай көлемдердегі жыл сайынғы техникалық мүмкіндіктердің бар-жоғын растайды:

"Дружба" мұнай құбырларының жүйесімен Украинаның батыс шекарасына дейін - жылына 24 млн.т. ;

мұнай құбырлары жүйесімен Одесса қаласындағы мұнай терминалына дейін - жылына 16,2 млн.т. (оның ішінде Одесса қаласындағы мұнай өндіру зауытына - жылына 4 млн.т.) ;

мұнай құбырларының жүйесімен Херсон қаласындағы мұнай өндіру зауытына дейін - жылына 8 млн.т. ;

мұнай құбырларының жүйесімен Кременчуг қаласындағы мұнай өндіру зауытына дейін - жылына 16 млн.т. ;

мұнай құбырларының жүйесімен Лисичанск қаласындағы мұнай өндіру зауытына дейін - жылына 20 млн.т., сондай-ақ "Одесса-Броды" мұнай құбыры - "Пивденный" МНТ терминалының жүйесімен Словакия - Чехия - Венгрияға дейінгі қазақстандық мұнайдың жеңіл сорттары үшін:

2004 жылы - жылына 2 млн.т-ға дейін;

2005 - 2007 жылдары - жылына 4 млн.т-ға дейін;

2008 жылы Словакияға, Венгрияға, Чехияға, Польшаға - жылына 11 млн.т-ға дейін, сондай-ақ 2005 жылдан бастап Кременчуг - "Пивденный" МНТ жүйесімен "Юралс" сортты қазақстандық мұнай үшін - жылына 5 млн. т-ға дейін.

Тараптар "ТрансЮг" бірлескен кәсіпорны "Одесса-Броды" мұнай құбырының параллельді учаскесін жоспарлау мен салуды (0-52 км) және қазақстандық мұнайды ("Юралс" сортын) жылына 8 млн.т-ға дейін экспортқа тасымалдау үшін "Пивденный" портының инфрақұрылымын дамытуды (екінші айлақтың құрылысын) қамтамасыз етеді деп уағдаласты.

Қазақстандық тарап Украиналық тарапқа тиісті кезеңге қолда бар ықтимал көлемдер, Украинаның аумағы бойынша жеткізу мен транзитке арналған қазақстандық мұнайдың көлемдері туралы ақпаратты береді.

Қазақстандық тарап Украиналық тарапқа мұнайды "Одесса-Броды" мұнай құбырымен тасымалдау үшін коммерциялық негізде мұнай сатып алуға ықпал етеді.

6-бап

Тараптар Ресейлік тараппен қазақстандық мұнайдың Ресей Федерациясының аумағы бойынша Украинаға транзитінің барабар көлемдері мен шарттарын келіседі.

7-бап

Мұнайды тасымалдау Тараптардың уәкілетті органдары бекіткен қазақстандық мұнайды жеткізу мен транзитінің болжамды көлемдері, сондай-ақ Украиналық тараптың мұнай құбыры жүйесін пайдалана отырып жеткізу мен транзитіне арналған Қазақстандық тарап мұнайының жыл сайынғы көлемдері, тасымалдау тарифі мен басқа

да коммерциялық шарттар белгіленетін Тараптардың уәкілетті органдары - операторлар арасында жасалған Мұнай тасымалдауға арналған ұзақ мерзімді шарттар (келісімшарттар) негізінде жүзеге асырылады.

8-бап

Қазақстандық тарап "ҚазТрансОйл" жабық акционерлік қоғамын уәкілетті орган - қазақстандық мұнайдың магистралдық мұнай құбырларының барлық жүйесі бойынша транзитін, сондай-ақ Украинаның құбыр жүйелері бойынша Қазақстан Республикасының кедендік шекарасынан экспортталатын бүкіл қазақстандық мұнайды жеткізуді ұйымдастыру бойынша және транзиті мен жеткізуге байланысты шарттарды, келісімшарттарды және барлық қазақстандық мұнай компанияларының мүдделерін білдіретін мұнай тасымалдау, ауыстырып тиеу жөніндегі басқа да құжаттаманы ресімдеу жөніндегі бірыңғай оператор етіп белгілейді.

Украиналық тарап "Укртранснафта" ашық акционерлік қоғамын қазақстандық мұнайды Украинаның магистралдық мұнай құбырларымен тасымалдау жөніндегі уәкілетті орган етіп белгілейді.

9-бап

Егер тасымалдау үшін жарияланған мұнай көлемі Украинаның мұнай құбыры жүйесінің қолда бар мүмкіндіктерінен асып кетсе, Тараптар қосымша қуаттарды құру шарттарын және қарыздарды қайтаруды қамтамасыз ететін кезеңге арналған мұнайдың тиісті көлемдерін жеткізуге кепілдік беруді келіседі.

Жобаларды қаржыландыруды ұйымдастыру және мұнайдың қосымша көлемдерін жеткізу мен транзиті үшін Украинаның мұнайы құбыры жүйесінің қолда бар қуаттарын кеңейту процесінде тартылған кредиттерді қайтаруды қамтамасыз ету мақсатында қазақстандық шаруашылық жүргізетін субъектілері тиісті кезеңге қажетті мұнайдың ең аз көлемдерін жеткізуді жүзеге асыруға кепілдік береді.

10-бап

Қазақстан Республикасының аумағынан экспортталатын мұнайды тасымалдау тарифтерін қалыптастыру кемсітпейтін және транспарентті негізде жүзеге асырылады.

Тараптар қазақстандық мұнайды Украинаның аумағы бойынша тасымалдауға арналған әділ әрі бәсекелік тарифтерін әзірлеуге және қолдануға бағытталған келісілген саясатты жүргізеді.

11-бап

Тараптар ғылыми-техникалық және инвестициялық ынтымақтастықты жан-жақты дамытады, сондай-ақ мұнай тасымалдау объектілерін салудың, қайта жаңарту мен пайдаланудың бірлескен жобаларын, оның ішінде үшінші елдердің аумағында іске асыру үшін қолайлы жағдай жасауға жәрдемдеседі.

12-бап

Осы Келісімнің шеңберіндегі ынтымақтастық Тараптардың өздері қатысушылары болып табылатын өзге де халықаралық шарттар мен уағдаластықтар бойынша міндеттемелерін орындауы үшін зиянсыз жүзеге асырылады.

13-бап

Мұнайды Тараптар мемлекеттерінің кедендік аумақтары бойынша алып өту режимдері Тараптар мемлекеттерінің қолданылып жүрген ұлттық заңнамасына сәйкес айқындалады.

14-бап

Тараптар магистралдық мұнай құбырларының объектілеріндегі апат жағдайының, авариялық жағдайлар мен алапаттардың салдарын жою кезінде мамандарды жіберу, материалдық-техникалық ресурстар мен арнайы техниканы беру арқылы өзара көмек көрсететін болады.

Тараптар өз мемлекеттерінің тиісті министрліктері мен ведомстволарының арналы мұнай құбырларының объектілеріндегі апат жағдайының, авариялық жағдайлар мен алапаттарының салдарын жоюға авариялық-қалпына келтіру бригадаларының және пайдаланылатын жабдықтардың, материалдар мен арнайы техниканың шекарадан бөгетсіз өтуі үшін қажетті шараларды қабылдауын қамтамасыз етеді.

Тараптардың шаруашылық жүргізетін субъектілері жабдықтардың, материалдар мен арнайы техниканың тізбесін, сондай-ақ оларды пайдалану мерзімі мен тәртібін тиісті министрліктер мен ведомстволармен келіседі.

15-бап

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіру мен қолдануға қатысты Тараптар арасындағы даулар өзара консультациялар мен келіссөздер жүргізу жолымен шешіледі.

16-бап

Осы Келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізу Тараптардың келісімі бойынша жүзеге асырылады және осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылатын жекелеген хаттамалармен ресімделеді.

17-бап

Осы Келісім Тараптардың оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді орындағандығы туралы хабарландырулармен алмасқан сәтінен бастап күшіне енеді және бес жыл ішінде қолданылады. Егер Тараптардың бірі Келісімнің күшін тоқтатуға ниет білдірмесе, осы Келісімнің күші келесі бес жылдық кезеңдерге автоматты түрде ұзартылады.

Әрбір Тарап екінші Тарапқа жазбаша хабарландыру жіберу арқылы осы Келісімнің қолданылуын тоқтата алады, бұл жағдайда осы Келісімнің қолданылуы осындай хабарландыру алынған күннен бастап 12 ай өткеннен кейін тоқтатылады.

Осы Келісімнің қолданылуы тоқтатылған жағдайда оның ережелері оның қолданылу кезеңінде Тараптардың шаруашылық жүргізетін субъектілері жасаған барлық мұнай тасымалдау шарттарына (келісімшарттарына) қатысты қолданылады.

Астана қаласында 2004 жылғы 1 маусымда әрқайсысы қазақ, украин және орыс тілдерінде екі данада жасалды, бұл ретте барлық мәтіндер бірдей болады. Осы Келісімнің ережелерін түсіндіру кезінде келіспеушіліктер пайда болған жағдайда орыс тіліндегі мәтіннің басымдық күші болады.

Қазақстан Республикасының
Үкіметі үшін

Министрлер Кабинеті үшін

Украинаның